



Кітапқа жол ашылды, ғажайыптар шашылды

Қаламыздың №2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөлімінде есте қаларлық мерекелік іс-шара - «Балалар кітабы апталығы» өтті.

Биылғы кітап мерекесі «Кітапқа жол ашылды, ғажайыптар шашылды - Открой книгу и чудеса начнутся» тақырыбымен 12-15 наурыз аралығында ұйымдастырылды. Кітап апталығының жоспары алдын-ала жасалып, бүкіл қала мектептеріне таратылды. Мерекенің басты мақсаты - балалардың назарын кітап оқуға аудару және қызығушылықтарын ояту. Кітапханаға жарнама жасау. Апталықтың әрбір күні белгілі бір тақырыпқа арналды. Түрлі - түсті етіліп үлкен форматты плакаттар ілінді. Балалар әдебиеті бөлімі орналасқан 1-ші қабаттағы холлда неше түрлі сурет, ертегі кейіпкерлерімен, гүлдермен, шарлармен безендірілді. Сонымен қатар, тақырыпқа сай кітап көрмесі де холлда ұйымдастырылды.

Кітапхана директоры Қазына Байсабековна және мектеп кітапханасының әдіскері Елена Викторовна құттықтап, балалар кітабы апталығын ашты. Кітапханашылар театрландырылған қойылымдар қойды. Қосымша білім беру орталығынан «Қуыршақ театры» үйірмесі «Шалқан», «Әжемнің мерекесі» т.б қойылымдарын көрермен назарына ұсынды. Соңынан көрермен балаларға сұрақтар қойылып, жауап берген оқушыларға төттілер таратылды.

Апталықтың екінші күні «Кітап - өмір ұстазы» атты танымдық кеш өткіздік. Кешіміздің мақсаты өлкемізге танымал тұлғалардан жас ұрпаққа берер кеңестерін тыңдап, батасын алу болды. Кешке Арқалық қаласының құрметті азаматы, өнертанушы Шөптібай Байділдин қатысып, оқырмандарға кітап оқудың пайдасы жайында кеңестер берумен қатар қазақтың ұлттық өнері ою оюдан шеберлігін көрсетті. Сонымен қатар ұлттық ойынымыз «Асық иіру» арқылы таңдалынған викториналық сұрақтарға оқырмандар қызыға жауап берді.

Апталықтың үшінші күні «Ана тілі-ата-баба мұрасы» атты тәрбие сағаты №6 мектептің 4 «А» сынып оқушылары жетекшісі Клара Масбайқызының қатысуымен өтті. Мақсаты оқушыларды туған халқының тілін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелей отырып, үш тұғырлы тілді дәріптеу. Мағзұм Нұржігіт «Үш бақытым өлеңің нақышына келтіріп орындаса, балалар күмбірлеген күймен, мың бұралған би билеп, өз өнерлерін ортаға салды. Төртінші күні мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен жерлесіміз, жазушы, этнограф, сатирик Сейіт Кенжеахметовтың - 80 жылдығына орай қазақ мәдениеті мен этнографиясын кейінгі жас ұрпақтарға таныту және кеңінен таныстыру мақсатында «Сейіт қазынасы-тәрбиенің алтын кілті» атты тақырыпта жұлдызды ойын болып, іс-шара барысында салт-дәстүрлерден көрініс және слайдтар көрсетілді.

15 наурыз күні балалар кітабы апталығының жабылуында мектеп кітапханашылары қазақтың ұлттық киімін киіп, көріністер көрсетті. Іс-шара соңында, «Үздік оқырман» және кітап апталығына белсене атсалысқан оқушыларды марапаттады.

Біздің кітап апталығын өткізудегі басты мақсатымыз оқырмандардың тарихымызға, әдебиетімізге, өнерге деген қызығушылықтарын арттыру, кітапхана қорына түскен жаңа әдеби кітаптарды жарнамау, өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен шығармашылық қабілетін дамыту болса, балалар үшін қызық пен қуанышқа толы болған бұл күндерде бізбен бірлесіп отырып, апталықтың әр күніне атсалысқан мектеп кітапханашыларына және ұстаздарға алғысымыз шексіз.

Балалар кітап апталығынан кейін оқырмандардың саны арта түсті. 65 оқушы оқырман болып жазылды. Себебі, жаңадан келіп түскен кітаптарға және баспасөз басылымдарға да шолу жасалды. Жаңа кейіпкерлермен танысып, қуанышқа бөленді.

Сандуғаш ЕСМАҒАМБЕТОВА,
№2 ОӘІК
Балалар әдебиеті бөлімінің
меңгерушісі